

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

a.yassau@mail.ru университет студенттерінің үні № 13 (493) 26 қараша 2020 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ СИМПОЗИУМЫ ӨТТІ

11 қараша күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Түркия Республикасының Гази уни-верситеті бірлесіп ұйым-дастырған III Халықаралық Қожа Ахмет Ясауи симпозиумы онлайн режимде өтті.

2 БЕТТЕ

ТҮРКОЛОГИЯ ҚОРЫ ЖАҢА ҚОЛЖАЗБАЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Түркология ғылыми-зерттеу институтының қолжазбалар қоры бір бума қолжазба мен литографиялық кітаптармен толықты.

3 БЕТТЕ

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ

«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі» - деп Ы.Алтынсарин айт-қандай ғалым Сейдулла Садықов ағамыз шәкіртерінің жүрегіне жол таба білген қадірлі ұстаз. Ұстазын үлгі тұтқан 1-курс студенті Құмаргүл Досханның сыр-сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз.

4 БЕТТЕ

СПРОТШЫЛАРЫМЫЗ- ЖЕҢІМПАЗ


Түркістан қаласында 2020 жылдың қараша айының 5-11 күндері аралығында Баскетболдан 1999-2005 жылдары туылған жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге еліміздің 17 қаласынан 400-ге жуық спортшы бақтарын сынады.

8 БЕТТЕ

ЖАҢАНДЫҚ SEE THE FUTURE ФОРУМЫ ӨТТІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Б.Абдрасилов 19 қараша күні «SEE THE FUTURE» атты жаһандық форумға қатысып, университетіміз және оның даму перспективалары туралы ақпарат берді.

Форум Research Support Center бастамасымен және ғылым саласында қызмет көрсететін әлемдік жетекші компания- ENAGO-ның қолдауымен ұйымдастырылған. Алқалы жиынға QS (Quacquarelli Symonds) халықаралық рейтингтік агенттік пен ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, университет ректорлары, ТМД елдерінің білім және ғылым саласындағы сарапшылар қатысты. Форум аясында QS World University Rankings компаниясының негізін қалаушы әрі президенті Нунцио Квакварелли сөз алып, Қазақстан және Орталық Азия елдері университеттерінің әлемдік рейтингтегі жағдайы мен перспективалары туралы ақпарат берді. Сонымен қатар, білім және ғылым-зерттеу сапасын арттыру жолдарына қатысты пікірлерімен бөлісті. Форумды білім және ғылым саласындағы белгілі сарапшы Алия Оспанова жүргізіп отырды.



СТУДЕНТТЕРДІҢ XII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАСЫ ӨТТІ



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен жоғары оқу орындарының студенттері арасында «Бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша студенттердің XII Республикалық пәндік олимпиадасы өтті.

Қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты олимпиада жұмысы online форматында ұйымдастырылды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқу ісі жөніндегі вице-президенті Өмірбек Үмбетов олимпиадаға қатысушыларға оқу орнымызды таныстырып, студенттердің білімін саралайтын білім сайысында қатысушыларға сәттілік тіледі. Олимпиада да студенттер 3 кезең бойынша тапсырмалар орындалды. Білім сайысына еліміздің 9 жоғары оқу орны Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Еуразия гуманитарлық институты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттері қатысты.

ШӘКІРТТЕРІМІЗ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ҚОРЫНЫҢ СТИПЕНДИАТТАРЫ АТАНДЫ

Нұрсұлтан Назарбаев Қорының студенттік шәкіртақы конкурсының жеңімпаздары анықталды.

Конкурсқа университетімізден 23 студент құжат тапсырып, конкурс нәтижесі бойынша 3 студент топ жарып, «Нұрсұлтан Назарбаев Қорының стипендиаттары» мәртебесі берілді. Олар: Филология факультеті, Әлем тілдері кафедрасының 4-курс студенті Молдағалиев Алишер, Медицина факультетінің Ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасының 4-курс студенті Тағай Ақниет, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Туризм және журналистика кафедрасының 4-курс студенті Әділбай Ғазиза.

Нұрсұлтан Назарбаев Қорының студенттік шәкіртақы конкурсы 2020 жылдың 22 маусым мен 5 қыркүйек аралығында өткізілді. Биылғы байқауға жалпы 354 өтінім жіберілген. Байқау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең оқу орнында өткізіледі, ал екіншісін Қор ЖОО арасында ұйымдастырады. Екі

кезеңнің қорытындысы бойынша 80 студент жеңімпаз атанған.

Жобаның негізгі мақсаты жоғары және арнаулы орта (өнер және мәдениет) білім беру оқу орындарының күндізгі бөлім студенттерінің оқуға деген құштарлығын жоғарылату, ғылыми жұмыспен айналысуын және шығармашылығын қолдау. Қордың стипендиясы жеке болып табылады және ай сайын 40 000 теңге көлемінде стипендия белгіленеді.

Барлық жеңімпаздарға «Нұрсұлтан Назарбаев Қорының стипендиаты» атағы беріліп және сертификат табыс етіледі.

Университетіміздің атынан конкурсқа қатысып, жеңімпаз атанған студенттерімізді шын жүректен құттықтай отырып, оларға шығармашылық табыс пен биік шыңдарды бағындыруларын тілейміз! Аталмыш стипендия студенттерімізді жаңа табыстарға шабыттандырады және үздік оқуға ынталарын арттыра түсетін болады деп сенеміз.

ЕСЕП

Халықаралық әріптестік байланыстың алғашқы қадамы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне Португалияның «Resume Esferico» инвестициялық компаниясының директоры Жил Виера және Португалия мен Қазақстанның сауда палатасының төрағасы Нуно Афонсо іс сапармен келді.

Кездесу барысында университетіміздің оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президенті Өмірбек Үмбетов, Даму және қаржыландыру істері жөніндегі вице-

президент Пусат Пилтен, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру жөніндегі вице-президент Шолпан Есимова қонақтарға оқу орнымыздың жетістіктері мен даму жоспарларын таныстырды.

Кездесуде алдағы уақытта Португалиядағы Минью университетімен әріптестік байланыс орнату жоспарланды. Қонақтарға халқымыздың дәстүрі бойынша құрмет көрсетіліп, естелік сыйлықтар тапсырды.



III Халықаралық Қожа Ахмет Ясауи симпозиумы өтті

11 қараша күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Түркия Республикасының Гази университеті бірлесіп ұйымдастырған III Халықаралық Қожа Ахмет Ясауи симпозиумы онлайн режимде өтті.

Маңызды жиынға Өкілетті Кеңес төрағасы профессор, доктор Мұхитдин Шимшек, Гази университетінің ректоры Мұса Йылдыз, оқу орнымыздың президенті Болатбек Абдрасилов және I вице-президент Женгиз Томар бастаған университет ұжымы, Қазақстан, Түркия, Өзбекстан, Қызғызстан, Түркіменстан, Әзірбайжаннан ғалымдар қатысты. Онлайн шара Қожа Ахмет Ясауи мұраларының түркі халықтары тарихындағы орны мен философиялық көзқарастары, шығармаларының тілдік жағынан зерттелуі мәселелеріне арналды. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі нақыл сөздердің заманауи білім беру жүйесінде қолданысы мен педагогикада пайдалану жолдары талқыланды. Қожа Ахмет Ясауи мұрасын зерттеуде университетіміздің Ахмет Ясауи атындағы «Дінтану» ғылыми-зерттеу, талдау-сараптамалық және әдістемелік орталығының орны ерекше. Ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары Ясауитану бойынша іргелі зерттеулер, яғни Ясауи мәдениеті мен тарихы, іліміне қатысты шығармаларды аудару және баспаға дайындау жұмыстарын жүргізеді. Орталық Түркістан облысы әкімшілігімен бірлесіп «Қ.А.Ясауи антологиясын» жарыққа шығарды.

Бұл жиында Қожа Ахмет Ясауи мұраларының түркі халықтары өркениетіндегі орны мен зерттелу мәселелері, шығармашылығының тілдік құрылысы зерделеніп, өзекті мәселелер сарапталып, талданды. Онлайн режимде ұйымдастырылған III Халықаралық Қожа Ахмет Ясауи симпозиумы екі күнге созылды.

Басылым белсенділігі көрсеткіштерін арттыру және ғылыми мақалалар жазу сапасын жақсарту

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 2020 жылдың 17-қазанында басталған ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында Research Support Center компаниясының мамандарының қатысуымен ұйымдастырылған тренинг-семинар жалғасуда. «Басылым белсенділігі көрсеткіштерін арттыру және ғылыми мақалалар жазу сапасын жақсарту» тақырыбындағы семинарға университетіміздің 500-ге жуық оқытушы-профессорлары, ғылыми қызметкерлері, PhD докторанттар мен магистранттар қатысуда. Үш айға жалғасатын вебинарлар сериясында әлемдік ғылыми метрика, ғылыми-зерттеудегі халықаралық стандарттар, Scopus және WoS халықаралық базаларында ре-

цензияланатын сапалы журналды табу және таңдау, ғалымдардың ғылыми рейтингін арттыру тақырыптарында мазмұнды мәлімет беріледі. Сонымен қатар, ғалымдардың академиялық ғылыми жарияланым дағдыларын дамыту, Scopus және WoS халықаралық базаларында рецензияланатын ғылыми жарияланымдар санын арттыру және ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын жақсарту бағыттары бойынша да вебинар жүргізіледі. Курс қорытындысы бойынша университет ғалымдары арнайы платформада алған білімдерін дәлелдей отырып, сертификаттар алады.

Ақпарат орталығы



ВВЕДЕНИЕ В НАУКОМЕТРИЮ

- Ключевые показатели: H-индекс, Scopus Index и Impact Factor
- Оптимальные параметры: Как достичь от 10 до 20000 цитирований?
- Методы повышения научной активности: Публикации в рецензируемых журналах, участие в конференциях, выступления на симпозиумах и семинарах
- Помощь в выборе журнала: Scopus, WoS, Google Scholar, ORCID
- Качество журналов и факторы: как себя уберечь? Исследования, фальшивые публикации, недобросовестные рецензенты, плагиат, недобросовестные редакторы, мошенничество, отсутствие рецензирования
- Ваш профиль в Scopus

ПОДАЧА И ПОДБОР ЖУРНАЛА


- Как найти рецензируемый журнал: Использование онлайн-баз данных систем для подбора журналов
- Подбор журналов и определение его качества: Анализ и сравнение журналов
- Подбор научной статьи: Определение релевантности журналу, тематический анализ, релевантность
- Темы и актуальность: Публикации в журналах с открытым доступом и по подписке
- Гарантии публикации: Гарантии публикации
- Свое имя, Proof reading и обработка рецензий

НАПИСАНИЕ НАУЧНОЙ РАБОТЫ

- Ключевые показатели: Как повысить H-индекс, Scopus Index и Impact Factor
- Мировые стандарты качества научной работы: Разработка и внедрение стандартов качества научной работы
- Детализация и детализация работы: Как повысить качество работы
- Качество работы: Как повысить качество работы
- Системный подход к работе: Как повысить качество работы
- LaTeX или как правильно использовать Microsoft Word? Использование онлайн-ресурсов и программ
- Использование форм: Как повысить качество работы
- Анализ работы: Как повысить качество работы

ПОВЫШЕНИЕ РЕЙТИНГА НАУЧНОЙ РАБОТЫ

- Как увеличить цитируемость своей научной работы? Социальные сети, ORCID, Google Scholar, Mandelley, Research Gate, DCI
- Ключевые слова: Как подобрать ключевые слова
- Алгоритмы и их использование: Как повысить рейтинг научной работы
- Как увеличить мой h-index?
- Управление профилем в Scopus



БІЛІМ АЛАМ ДЕГЕН ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК КӨП

Университетімізде 5 қараша күні Туризм кафедрасының ұйымдастыруымен, студенттерге шетелдік жоғары оқу орындарында тегін білім алу бағдарламаларын түсіндіру мақсатында, «Үкі» білім орталығының басшысы Жазираханым Мейрамбекқызымен кездесу өтті.

Кездесуге университеттің оқытушы-профессорлары мен студенттері қатысты. Сонымен қатар, білімгерлер университетіміздің ютуб және фейсбук әлеуметтік желілерінде тікелей эфир арқылы тамашалады. Жиынды Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Биолент Байрам ашып берді.

Ресей, Финляндия секілді елдерде 12 жыл білім алған жерлесіміз Жазираханым шетелдік оқу орындары мен білім бағдарламалары жайлы ақпаратпен бөлісті. «Жастар үшін тегін оқуға мүмкіндік

қарастырылған елдер баршылық. Атап айтқанда, Ресей, Польша, Түркия, Италия, АҚШ секілді мемлекеттерде грантпен оқуға түсу қиын емес. Бұл мемлекеттерде білімдеріңізді магистратура, PhD докторантурада жалғастырумен қатар, бакалаврлық білім алуға да болады. Аталған елдерде ҰБТ балы да рөл ойнамайды. Егер сіз шетелде білім алғыңыз келсе, шет тілдерін меңгеруіңіз қажет. Сонымен бірге, виза мәселесін де шешіп алған жөн» – дейді Жазираханым Мейрамбекқызы

Кездесу соңында студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алды. Өз тәжірибесімен алмасып, нақты ақпараттармен бөліскен Жазираханым Мейрамбекқызы туған жері Түркістанның жастары да шетелдік алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алып, еліміздің дамуына үлес қосса деген ниетін жеткізді.

ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚОРЫ JAҢА ТАБЫЛҒАН ҚОЛЖАЗБАЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Түркология ғылыми-зерттеу институтының қолжазбалар қоры бір бума қолжазба мен литографиялық кітаптармен толықты.

Қолжазбалар Түркістан қаласы Ыштыхат мөлтек ауданы Юсупов көшесінің тұрғыны Абдухашым Абдусаттаровтың ауласындағы ескі үйді бұзған кезде табылған. Үй иесінің айтуынша бұл үйді сатып алған. Кейін 1977 үйді бұзған кезде ескі қамыс арасынан бірнеше көне еңбектер табылған. Оларды бүгінге дейін сақтап, 2020 жылы 20 қарашада Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері З.Муминоваға табыстаған. Қолжазбаларды сараптау кезінде қолжазбалардың парақтары түгел емес, литографиялық кітаптардың беттері толық сақталмағаны анықталды. Олардың қатарында «Сыр машық Муфрадат» тасбаспа (литография) кітабы 1899 жылы Ташкенттен шыққан. Келесі кітап «Жұма және никақ құтпалары» атты тасбаспа кітап 1900 жылы Ташкентте шыққан. Бұл кітаптың иесі мешіт имамы болуы мүмкін. Бұл кітап негізінен құтпа оқитын имамдарға ғана тән кітап.

Тағы бір қолжазба – 92 беттен тұратын Хикмет қолжазбасы. Бұл Ясауидың немесе шәкірттерінің қолжазбасы болуы мүмкін.

Бұларды зерттеу алдағы уақыттың еншісінде. Келесі еңбектер 100 беттен тұратын парсыша қолжазба мен Науаидің кітабы.

Осыларға қоса кітаптың қалың мұқабасына сақталған 40 бет шамасында көне өзбек тілінде жазылған ғазалға ұқсас қолжазба табылды. Қолжазба мазмұнына қарағанда қолжазба иесі перзентсіз өткен жанның зары мен мұңын жүрекпен жырлаған.

Әр кісінің ақылы болса мен фәріпке жыла-сын, Кімкі фәрзәнт дағыда күйген жарандар жигласын.

Бұл менің көңілім үшін, жаным анам деп жыласын

Еш пәндең раббона, фәрзантсыздық көрмесін

Һәр күнге жүз күлфат етіп айқардан ярып Бір күлфат билан һәр күнде жүз мың өлмесін ярық...

Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары институт қорына жаңа қосылған қолжазбалардың алдағы уақытта ғылыми сипаттамасын дайындап, ғылыми айналымға ендірмек.

Түркология ғылыми-зерттеу институты

«БАСЫЛЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖАЗУ САПА-СЫН ЖАҚСARTY»

Университетіміздің Журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен «Цифрлық журналистика бағытындағы ғылым мен білім: әлемдік тәжірибелер және ұлттық құндылықтар» тақырыбында онлайн-конференция өтті. Жиын 80-нен астам ғылыми мақалалардың авторы, профессор Бекжігіт Сердәлінің 60 жасқа толуына орай ұйымдастырылды. Конференцияны профессор, журналистикаға елеулі үлес қосқан үздік оқытушы Сейдулла Садықов жүргізді. Конференцияға университетіміздің басшылары, оқытушы-профессорлары мен студенттер, еліміздің жоғары оқу орындарының ұстаздары, жас ғалымдар, Өзбекстан мен Түркия мемлекетінің ғалымдары мен докторанттары онлайн режимде қатысты.

Іс-шарада университетіміздің басшылары құттықтау сөз сөйлеп, әріптестері туралы естеліктерімен бөлісті. Конференцияда қоғамдағы медианың жаңғыруы, цифрлық журналистика бағытындағы білім мен ғылым, Сандық телевизияның ерекшеліктері мен болашағы жөніндегі мәселелер талқыланды. Жиын модераторы Сейдулла Садықов осы және жаңа бағыттағы өзге де мақалалар мен баяндамалар алдағы уақытта университет баспаханасынан жинақ боп шығатынын жеткізді. Бұл еңбек журналистика саласында қолданатын бірден-бір құрал болмақ. Осы ретте Бекжігіт Кенжебекұлының журналистика саласын дамытуға қосқан үлесі мол екенін атап айтқан жөн. Профессор көп жыл бойы ұстаздық етіп, ғылыми еңбектер жазып, сонымен бірге талантты шәкірттер тәрбиелей білді.



БАБЫ МЕН БАҒЫ ҚАТАР ШАПҚАН АКТЕР

Журналистика мамандығының 1-курс студенті Гүлжан НИЯЗОВА қазақтың жас талантты жастарынан сұқбат алып, қаламын ұштап жүр. Бүгінгі Гүлжанның кейіпкері «Жақсылық» фильмінде Олимпиада чемпионы, балуан Жақсылық Үшкемпіровтің рөлін сомдаған актер Олжас Сақ.



OLZHAS SAK

— Сәлеметсіз бе, аға? Сұхбаттасуға уақыт тапқаныңыз үшін сізге рахмет.

Қазіргі таңда шығармашылығыңызда қандай жаңалықтар бар, немен айналысып жатырсыз?

— Сәлеметсіз бе? Қазіргі таңда Жастар театрында жұмыс жасаудамын. Жақында «Хабар» арнасында «Келінжан» деген телехикая көрерменге жол тартты. Соған түсіп үлгердім. 5-қазаннан бастап эфирден көрсетіліп жатыр. Өзірге осындай жаңалықтар бар. Бос уақытта таза ауада атқа мініп, спортпен айналысып, кітап оқып барынша уақытыма тиімді өткізуге тырысамын.

— «Жақсылық» фильмінде Олимпиада чемпионы, балуан, арда туған азамат Жақсылық Үшкемпіровтің рөлін сомдаған екенсіз. 1000-нан астам жасөспірім мен жеткіншек қатысқан кастингте қалай суырылып алға шықтыңыз?

— Қазақ «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» дейді

ғой. Бұл рөл өзіме оң жамбасқа келген сондай бір жақсы рөл болды. Кастингтен аса бір қиындықпен өттім дей алмаймын. Қазақфильмде Жақсылық атамыз туралы фильм түсіріледі және соған кастинг жүріп жатыр дегенді естідік. Театрда отырғанымызда әріптестер «Олжас, сенің түр-әлпетің Жақсылық атаға келеді екен. Барып көрсенші» деп кеңес берді. Сөйтіп кастингке бардым. Сол жерде көп жылдар бойы костюм бөлімінде істеген Айман, Шолпан деген айналымыз көрген бойда, «Сен атамызға қатты ұқсайды екенсің. Қаншама ұқсайтын балалар келді. Бірақ сен ерекше ұқсайды екенсің» деп таңырқай қарады. Сонымен кастингте видеосынақтан өттік. Ертеңіне хабарласып «режиссер көргісі келеді» деген соң режиссермен сөйлестік. Азын-аулақ «Суда жүзе аласың ба, күресесің бе,

атқа міне аласың ба, спорттан қалайсың?» деген сұрақтар қойды. Сөйтіп жүріп өтіп кеттік. Біраз дайындықтардан өтіп, фильм түсірілді, шықты. Содан не керек, Жақсылық атамыздың рөлін ойнағанда ол кісінің жүріп өткен жолдарын өзім де бір сәт жүріп өткендей, бойдан өткізіп, сезініп ойнап шықтым деп ойлаймын. Халық бағасын бере жатар. Былай болды деп айтқаным мақтанғандық болар.

— Балаларға арналған «Жүзден жүйрік» бағдарламасын жүргізіп, өзіңіздің тележүргізушілік қабілетіңізді көрсеттіңіз. Жалпы сізге қайсысы жаныңызға жақын келеді тележүргізушілік пе, әлде актерлік па?

— Екеуінде де айырмашылық жоқ. Сүйіп жасайтындықтан екеуі де жаныма жақын. Актерлық дейін десем ол да өз таңдауыммен 4

жыл оқыған мамандығым. Жүргізушілік дейін десе мектепте оқып жүргенде түрлі концерттерді жүргізіп жүргендіктен ол да жаныма жақын. Сондықтан мен үшін екеуі де туған бауырымдай көрінеді. Бөліп жаратын ештеңесі жоқ. Екеуі де өнер ғой.

— Бала кезде, мектеп оқып жүрген кезіңізде қандай болдыңыз?

— Мектепте бұзық болдық. Қыздардың шашынан тарттық, құрдастардың мұрнын бұздық. Ол балалық бұзықтықтар болатын. Қазір ондай емеспіз, Құдай сақтасын. Жан-жағымызға қарап, мектептегі кезді сағынамыз. Сондай жағдайлар бәрінде болды деп ойлаймын.

— Әдетте сахна сыртында немесе қойылым үстінде актерлер түрлі қызықты жайттарға тап болып жатады. Есіңізде қалған сондай бір ерекше оқиға болды ма?

— Максим Горькийдің «Шыңырау» деген қойылымында мынандай жәйт болған еді. Ол негізі кілең өмірден баз кешіп шаршаған жандар жайлы жертөледе, жердің астында болатын психологиялық қойылым ғой. Сонда Шағуан Үмбетқалиев деген менің әріптесім екеуіміздің диалогымыз бар еді. Актерлық өнерде реплика деген сөз бар. Оның репликасына мен сөзімді айтуым керек. Шағуан репликасын дұрыс бермей, шатасып кетіп, сахнада ойдан бір сөз тауып құрастырып, психологиялық қойылымымызды комедияға айналдырмай орнымен алып шықтық. Сол кезде сахна сыртында «Сен не дедің? Не айттың?» деп әбден күлгеніміз бар. Оны тек режиссерлер ғана біледі. Көрермендерге білдіртпей өтіп кеткен уақытымыз болды. Айта берсек қызықтар көп. Есіме түскенін айтып отырғаным ғой.

— Әсерлі сұхбатыңызға көп рахмет, шығармашылығыңызға толағай табыстар тілеймін! Сау болыңыз!

Гүлжан НИЯЗОВА

СТУДЕНТТІК ЖАЗБАЛАР



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ

«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі» - деп Ы.Алтынсарин айтқандай ғалым Сейдулла Садықов ағамыз шәкіртерінің жүрегіне жол таба білген қадірлі ұстаз. Ұстазын үлгі тұтқан 1-курс студенті Құмаргүл Досханның сыр-сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз.

— Сіз журналистика саласына келуіңізге не әсер етті? Алғаш журналистика саласына қашан қадам бастадыңыз?

— Жастайымнан журналистикаға жаным жақын болды, ондағы бірден-бір әсер еткен менің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі еді. Сегізінші, тоғызыншы сыныптан бастап қағаз шимайлайтын кеселге ұшырадым, жасам-ай деген ойды жетегінде жүретін едім. Аудандық «Коммунистік еңбек» газетіне мектеп, ауыл хабарларын жібере бастадым. Алғашқы хабарларым шыққанда төбем көкке екі елі жетпей жүрді. «Тілші бала» атандым. Мектепті бітірдім. Анам аурушаң, күнкөрісіміз мез емес. Сенделіп жүріп, хабарландыруға көзім түсті. Онда тоғыз айлық тракторшылар курсына шақырыпты. Етік, күпәйке, форма тегін, 40 сом шәкіртақысы бар, екен. Содан осы курсқа жазылдым. Оқу қыркүйекте басталады соған дейін боспын. Шілденің шіліңгір күнінде мені аудандық «Коммунистік еңбек» газетінің тілшісі іздеп келіпті. Редактор шақыртып жатқан көрінеді. Сол күні отыз шақырымдай жердегі аудан орталығына жеттік. Редактор Кәрім Әсілов деген үлкен кісі екен. Мән-жайыма қаныққан соң бірден қызметке қабылдады. Осылайша, 1968 жылдың 31 шілдесі күні газеттің әдеби қызметкері болдым. Оған да елу бір жылдан асып барады. Қолымнан қаламым әлі де түскен жоқ...

Осы газетте екі жылдай қызмет еттім. Бұрқыратып жаздым. Очерк, суреттеме, новелла жазуға төселе бастадым. Кеңестік армия сапында қызмет еттім. Әскер қатарында жүргенде «Оңтүстік Қазақстан» газетіне үш очеркім, публицистикалық дүниелерім, көлемді новеллам жарық көрді. Бірде редактордың орынбасары Мыңбай Ілесов деген кісіден хат алдым. Ағамыз журналистикада оқуым қажеттігін баса айтыпты. 1972 жылы ҚазМу-дің Журналистика факультетіне оқуға түстім. Қоғамшыл, белсенді студент болдым. 1977 жылы оқуды бітіргеннен кейін кеңестік дәуірдегі тәртіп бойынша Қазақстан КП Орталық

Комитеті Насихат және үгіт бөлімінің жолдамасымен Алматы облыстық «Жетісу» газетіне қалдырылып, мұнда он жылдан астам уақыт қызмет еттім. 1987 жылы өзім білім алған қара шаңыраққа аға оқытушылыққа қабылдандым. 1994 жылы қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халқаралық қазақ-түрік университетіне шақырылып, Журналистика бөлімін ашуға басшылық жасадым.

Қарап отырсам, ұстаздық қызметіме де отыз екі жылдан асып барады екен.

Кейде жүріп өткен өмір соқпақтарын ой елегінен өткізіп отыратын сәттерің болады. Менің жасыма жеткен де бар, жетпеген де бар. Олай дейтінім, университетті қырық жеті ұл-қыз бітіріп едік, он екісі бақылық болып кетті. Жетпістің де төбесі көрініп тұр...

Ойлайсың. Өмірге адам болып келген соң ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар абыройлы ізің бар ма? Тағы да ойлайсың. Өмір жолым жайлы сөз айтатындай қақым бар ма өзі? Досқа күлкі, дұшпанға таба болмаймын ба? Не бітірдім? Осы тақылеттес сауалдарға жауап іздеп келемін. Кей-кейде жаным жаймашуақнұрға бөленіп, шүкіршілік ететінім, қолымды кеудеме қойып, тәубеме келетінім бар...

— Қазіргі қазақ журналистикасының халқаралық дәрежесі қаншалықты деп ойлайсыз?

— Еліміздің Тәуелсіздігі жас мемлекеттің әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуына, ұлт ретінде өсіп-өркендеуіне даңғыл жол ашты. Ұлттық айқындалу қазақ халқының өзін-өзі біртұтас ұлт ретінде терең сезінуіне, өзіндік тарихын байсалдылықпен ой елегінен өткізуіне маңызды қадам болды. Дегенмен де егемендіктің алғашқы жылдары нарықтық қатынастармен сипатталатын қат-қабат проблемаларды көлденең тартты. Ұлттық журналистика қаржылық тапшылықтың қысағында қалды, тақырыптық, жанрлық бағыттарда түбірлі өзгерістерге ұшырады. Осынау қиын-қыстау кезеңде журналист-публицисттер, саясаттанушылар, философтар, тарихшылар ұлттық ой-пікірдің ұйытқысы болды. Ұзақ жылдар бойы отарлық езгіде кіріптарлық күй кешіп, құлдық психология дендеген қазақ халқының болашағы толғаныс-тебіреністің басты нысанына айналды. Елдің алдағы бағыт-бағдары, өсіп-өркендеуінің деңгей-дәрежесі ой-пікірдің өзегі болды. Қазақ қаламгерлері мерзімді басылымдарда ұлт мүддесі тұрғысындағы терең оймен өрнектелген салиқалы

да өткір материалдар жариялап жатты. Журналист-публицисттер қазақ елінің өзін-өзі билеуге деген ұмтылысына, ұлттық құлшынысына кедергі келтіруге тырысып, отарлық озбыр саясатты көксеушілермен бітиспес күрес алаңына шықты. Олардың алғы сапында Камал Смайылов, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Шаханов, Әзілхан Нұршайықов, Рахманқұл Бердібаев, Өмірзақ Айтбаев, Ақселеу Сейдімбеков, Сапабек Әсіпов, Марат Қабанбаев, Қабдеш Жұмаділов, Бексұлтан Нұржеев, Смағұл Елубаев, Нұртөре Жүсіп, Алдан Айымбетов, Михаил Есенәлиев, Амангелді Айтиалиев, Қуанбек Боқаев, Жүсіпбек Қорғасбеков, Мейірхан Ақдәулетұлы, Аманхан Әлім, т.б. жүрді.

Ел Тәуелсіздігі қазақ халқының идентификациялану және ұлттық бірегейлік параметрлерінің өлшеуішіне айналды. Тәуелсіз басылымдар кең қанат жая бастады, қазір ол басым бөлігін құрап отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарының заңнамалық базасы құрылды. Мемлекет БАҚ-қа экономикалық тәуелсіздікке жол ашатын бірқатар жеңілдіктер берді. Президент жанынан БАҚ-тың мемлекеттік билік тармақтарымен арақатынасы мәселелерімен айналысатын БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылды. Республикада жаңа журналистиканың дербес әлеуметтік институт ретінде қалыптасуының кепілі Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылы қабылданған Заң, Президент Н.Назарбаевтың «Нарықтық қатынастарға өту кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарын қорғау туралы» 1992 жылғы сәуірдегі Жарлығы, т.б. құжаттар болып табылады. Міне, бұлардың бәрі де журналистика институтын сапалық өзгерістерге бастайтын негіз ретінде қызмет етеді. Жасыратыны жоқ, мемлекеттік билік тармақтары БАҚ атаулыны өзіндік ой-пікірін еркін айта алатын, шындықты жайып салатын тәуелсіз күйінде емес, мемлекеттік құрылымға тәуелді, қолайсыздықтар туғызбайтын қалыпта ұстағысы келеді. Бұл өз алдына бөлек әңгіме.

Республиканың ішкі және сыртқы өмірінің қат-қабат проблемалары, ұлттық санадағы терең өзгерістер БАҚ қызметін түбірімен өзгертуді талап етеді. Журналистің жаңаша саяси ойлау машығының концепциясы ауадай қажет. Осы тұрғыдан келгенде қазір қазақ журналистикасы тоқырау кезеңінде тұр. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығындағы айбынды да айшықты пафос бәсеңдеп қалған сыңайлы, журналист-

публицистердің ұлттық рухпен өрнектелген асқақ үндері естіле бермейді.

Қазақ журналистикасы әлі жас күйінде. Біз өзімізді Батыспен, Ресеймен салыстыра алмаймыз. Ол елдердегі классикалық журналистика адам нанғысыз жылдамдықпен дамып кеткен. Жазуда да, ақпарат беруде де өзіндік стильдері бар. Біреудің айта салған дерексіз, дәйексіз сөздерін беталды баспайды. Онда тиісті сала маманының пікірі болуы шарт. Оқырман, тыңдарман немесе көрерменнің нені қалайтынын, сұранымын біліп алмай, газет ашу, бағдарлама ашу деген оларда жоқ.

Ал бізде қалай? Бір қалталы азамат «Газет ашсам, жаздырып беретін сөзі өтімді кісілерге қолқа салсам», - деп қиялдайды да ойын іске асырады. Несін жасырайық, біз «жаздыртудың» арқасында газет шығарып келеміз. Ел оқымайтын газеттер көп. Кейбіреулер баспасөзді өш алудың құралына айналдырып алған. Басқа жерді қайдам, Оңтүстікте әр жүздің өз газеті бар дегендей құбылыстың пайда болғаны қашан. Баспасөзіміздің бет-әлпеті осылай болғанда, жаңа өзің айтқандай сенсация қуалап, жалған ақпарат таратып, жазықсызға жала жауып, қоғамды дүрліктіріп жүретін «журналист-тілшісімақтардың» белең алып кеткенін жақсы білеміз. Оның үстіне біздің БАҚ-мыз тым проблемашыл. Теледидарды қосып қалсаңыз, өңшең ұсталып қалған жемқор, кісі өлтіру, апатты жағдай, жынойнақ музыка, бейәдеп кино, мәнсіз күлкі, өзіл-қалжың, тағысын-тағылар.

Кейде ойлаймын: тым проблемашыл болуымыздың өзі қазақ қоғамының диагнозы белгілі дертіне байланысты болса керек. Сыбайлас жемқорлық жайламаған сала бар ма? Қаталдық болу керек, ал қатыгездік бел алған қоғамның келешегі қандай болмақ. Иманнан ажырап барамыз. Бұл мәдени, рухани жұтаңдыққа әкеп соғуда. Біздегі түрік балалары айтады: «Түркияда баланың тілі шыққанда ең бірінші «Аллаһ» деген сөзді үйретеді. Сосын «Мұхаммед». Бірінші сыныпқа барғанда «Мен түрікпін» деп айтқызады және күнде қайталайды. Елдің мектеп оқушылары Анкарадағы Ататүрік жатқан Ант мавзолей-мұражайында болып, ант береді». Мұндағы негізгі мақсаттары — иманнан ажырамайтын «Мен — түрікпін» идеясын бойға сіңіру болса керек. Осы түрік балалары қыздарын қызғыштай қориды. Қазаққа тигізбейді, ауспалы да, тура мағынасында да.

Біз ше, қыздарымыз тұрмақ,

СТУДЕНТТІК ЖАЗБАЛАР

жетімдерімізді шетелге мыңдап сатқанымызға шімірікпейміз де. Бір сәт өзімізге өзгенің көзімен қарап, баға бере алсақ қой, шіркін. Күлеміз бе, жылаймыз ба?

— **Журналистика қызығымен-шыжығы бірге жүретін ұлы мамандық, өзіңіздің сонау жылдардан бері осы журналистика саласында басыңыздан өткен ең машақатты іс немесе ең қызықты ұмтылмас сәттеріңізді айта кетсеңіз?**

— «Жетісудағы» журналистік жылдарымды сағынышпен еске аламын. Қызметтегі ұстазым Мұғалімбай Жылқайдаров деген аға болды. Редакцияға жер-жерден арыз-шағым келетін. Жас болғандықтан болар, көбіне мені жіберетін. «Бір хаттың ізімен» айдарымен сын мақаланы көп жаздым. Материалдарым бойынша, 4-5 адамның қылмыстық іс қозғалды. «Құлқынның құлдары», «Мұныңыз қалай, бас бухгалтер?!», «Тергеушілер тәлкегі» деген сын мақалаларым есімде қалыпты...

— **Болашақ журналистер біле жүрейік, қазіргі журналистика саласының түпкі кірпішін қалаған тұңғыш қазақ журналистері жайлы айта кетсеңіз?**

— Журналистиканың түпкі тиегіне тоқталсақ, тарихқа бас имекпіз. «Жас Алаш» — жастарға арналған ең байырғы және беделді республикалық басылым. Алғашқы саны 1921 жылы 22 наурызда Ташкент қаласында жарық көрді. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы Ұ.Мұратбаев болған, одан басқа да бір сыпыра қоғам қайраткерлері, журналистеріміз бар.

Олар: С.Садуақасов, А.Байтұрсынов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ж.Аймауытовтар.

Ал енді қазақтың алғашқы журналист қыздары кімдер десек, бір ауыздан Нәзипа Құлжанованың атын атаймыз. Әрине, Нәзипа апамыз өзі бас болып, қазақтың тілші қыздарына журналистикаға апаратын жол салып берді. Ал одан кейін ше? Нәзипа апамыздың ізін басып журналистиканың пұшпағын илеген қазақтың қыздарының қарасы жалғасып келеді.

— **Ұстаз жарты ғасырдан бері қаламыңызды қару етіп келесіз, өзіңіздің шығармашылықтарыңыз жайында айта кетсеңіз?**

— Бұрынырақ «Журналист жолға шықты» деген кітабым шыққан еді. Осы таяуда «Журналистика — тағдырым» атты көлемді публицистикалық мемуар-романым жарық көрді. Еңбегімді оқыған Астана, Алматыдағы зиялы ағалар жылы лебіздерін білдіріп жатыр. Өзімді-өзім дәріптеп, ұпай жинағым келмейді. Бұған адал достарым, ақ моншақ шәкірттерім куә. Болашақ журналист-шәкірт тәрбиелеп жүрген біздің басқалай жолмен жүруге қақымыз жоқ!

Азаматтық арымның алдында берер анттым сол, шындықты, тек қана шындықты жазу және айту!

— **Журналист мамандығы — адамдық пен адалдықтың түпкі тиегі екені баршамызға аян. Халық арасында «Журналистика — төртінші билік» деген сөз бар, осыған өз көз-қарасыңыз қалай?**

—Тоқсаныншы жылдардың басын-

да «Жас Алаш» газетінде «Биліксіз-төртінші билік» деген көлемді мақала жарияланған болатын. Бұл өзі шындық па, әлде емес пе? Бұл қазір де ұлт журналистикасындағы өзекті мәселелердің бірі. Осы идеяны негіздеуге ұмтылған ғалымдар мен журналистер өз ойларын ортаға салып жатады. Шынайы сөз еркіндігіне тұсау салынып отырған қоғамда БАҚ-тың толық тәуелсіздікке ұмтылуы заңды. Айтып отырған «төртінші билігіміз» заң жүзінде бекітілмеген. Бұқаралық ақпарат құралдары Заңда БАҚ-тың қоғамдағы орны бір арнаға бағытталған, журналистердің құқығына ішінара кепілдік берілген, ал міндет ауқымы көш құлаш. Онда билік өкілеттілігі жөнінде сөз жоқ. Жалпы билік мәселесін үстемдікпен шатастыруға болмайды. Баспасөзге тән қасиет — оның қалың бұқарамен тікелей және кері байланысының екіжақтылығы мен көпфункционалылығы. Біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдары халық пен өкіметтің жоғары эшелоны арасындағы байланысты ұйымдастырушы. Екіншіден, журналистика қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге жедел үн қосып отырады. Айталық, баспасөз адамдар бойына адамгершілік және эстетикалық танымды қалыптастыруды басты мұрат санайды. Еркін сөздің өсер ету күші кез келген билік ықпалынан кем түспейді. Журналистің әлеуметтік әділеттілік проблемаларын шешу, тарихи шындықты қалпына келтіру жөніндегі өткір сөздері, әлеуметтік-саяси жағдайға жасаған талдауы халықтың қоғам қайшылықтарын байыппен саралауына, олардың

қоғамдағы өзгерістерге көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қалай дегенмен де журналист қаламынан туған ой-пікірдің ықпалы зор. Демократия хабарлардың санымен емес, ақпараттың теңсіздікке қарсы қажымас күреспен қамтамасыз етілуі. Журналистика беделін сапалық биік деңгейге көтеру мүмкіндігі бар. Алда тұрған ұлттық рухани жаңғыру талаптары аясындағы ұлы міндеттерді журналистердің терең сезіне білуі аса маңызды.

Баспасөз билігі жөнінде айтқанда, тұтас қоғам, халық пен журналистер мүдделерінің қаншалықты қорғалып отырғанын естен шығармауымыз керек. Жасыратыны жоқ, ұлттық БАҚ қаржылық тоқыраудың шырмауында. Баспасөзді алар болсақ, орыс тілді басылымдармен салыстыра алмаймыз.

— **«Бұлақта-теңіз болғысы келеді» демекші, аға-буындарға, сіздерге қарап еліктеп, бой түзеп жүрген болашақ журналистерімізге қандай да бір ізгі-тілек, ақылыңызды айтасыз? Қандай үкілі үміттерді күтесіз?**

— Еліміздің ертеңі осы жастарымыздың қолында, елді ел қылатын азаматтарымыз көп болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Ұлы далада ұлт рухын асқақтататын, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын шәкірттеріміз әрдайым биіктерден көріне берсін! Әумин!

Құмаргүл Досхан,
1-курс студенті

ЖАЛЫНДЫ ЖАС, ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін! - деп, Мағжан Жұмабаев атамыз айтқандай, ел болашағы білімді жастардың қолында. Сол жастарымыз кімдер? Жастар дегеніміз кез-келген елдің болашағы. Бүгінгі жас ертенгі ел тізгінін ұстайтын ұлы тұлға. Сан ғасырларды кері шегіндірген, таңбасы таста, қаны қара жердің астында қалған аға буындардың ізбасарлары. Ізгілік пен іздестікті бойына тұмар қылған, қай заманда болсын мемлекетіміздің қорғаны да қозғаушы күші де болады.

Кез-келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпақпен байланыстырады. Алдағы уақытта Тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп әлем сахнасында желбіреген көк туымызды көкке көтереміз. Қазақстанды еңселі елдің қатарына еңгізу біз жалынды жастардың қолында.

Осындай күш қайратымызды, жалындаған жас жігерімізді еңселі еліміздің дамуына арнауымыз керек. «Жаста оқыған оқуың тасқа жазылғанмен бірдей. Егде тартқанда оқыған оқуың мұзға жазылғанмен бірдей» - деп дана халқымыз айтқандай, білім мен өнер біздің болашағымыздың жарқын кепілі.

Мемлекетімізді саялы бәйтерек десек қазірден бастап білім нәрімен сусындап, сол саялы бәйтеректі одан әрі мәулететіндей білім жинайық. Өр азамат өз отанын жанындай сүйіп, танып, оған табынып өсуі қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойына патриоттық сезім ұялап келешегіміз кемелдене түспек. Ұшқанда күс боп әуеде самғайтын қанша биік самғаса да, қанаты талмайтын жалынды жас болайық.

Зағира ӘБЕН
1-курс студенті



ҚОҢЫР КҮЗ БЕН САҒЫНЫШ

Терезеден сыртқа қарап қиял құшағына еніп барамын, көз алдыма жалғыз теректен басқа ештеңе көрінбейді. Іштей бұл терекке жаным ашығаны соншалық оны жасыра алмаймын. Сарғайған жапырақтар қоңыр күздің самалына шыдас бермей жәй ғана тербеліп келіп жер ананың қойнына үнсіз ғана еніп жатыр. Бұл сарғайған жапырақтар алып теректің сағынышының көз жасы болар деп түйдім. Иә, бұл теректі мүлдем жазғыруға болмайды, қаншама жыл болғаны белгісіз, тек қана жалғыздықтың азабын арқалап келеді. Алып теректің діңіне үш адамның құшағы да жетер емес. Көкпен бой таласып тұрса да, өшпес бір сағыныш мен мұңдалап тұр. Көз жасы төгілгені соншама әп-сәтте айналасын сағыныштың сары теңізіне айналдырды. Күз келсе-ақ болды әлденені, әлдекімді сағынып, іздей бастаймын. Оның не екенін өзім де білмеймін. Құдды біреуді жоғалтып қойған адамдай беймаза күй кешетінім. Күздің кереметі сағынышқа толы жүректі жұлып алып, әуеде әуелете ән салдырып, көңілді күңгірентсе де ішкі жан дүниені шынайы бір сезім сыйлайтынында. Күзді сүю өткенді аңсау деген сөз. Қаншама жүйрік ақының жырына, қаншама жазушының қаламына біткен осынау мезгіл меңіреу тартып тұрса да өзіне тарта беретіні өзгеше бір құдырет.

Бұл жапырақтар сарғайған сағыныштың ғана куәсі болып қалмай, өмірге де куә болып үлгерді. Адамдар бейне жапырақ сияқты, бірі жоғары, бірі төмен тұрғанымен уақыты жеткенде барлығы үзіліп жерге түседі.

Күз болса болды сары сағыныштың құшағына ене берем, еріксіз ене берем...

Құмаргүл Досхан,
1-курс студенті

СТУДЕНТТЕРГЕ ОНЛАЙН ЖҮЙЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?



Пандемия келгелі елімізде оқушылар мен студенттер жалпы электронды жүйеде білім алуға көшті. Күн сайын аялдамада қоғамдық көлікті күтіп, университет қабырғасында білім алып, топтағы достарыммен дәрісті талқылап, бәсекелесіп оқудың қадірін бірден байқай қойғам жоқ. Бастапқыда расында барлығына қиынға соқты. Көш жүре түзеледі демекші, тіпті ұстаздарымыздың өзі білім сайты мен әлеуметтік желіні заман талабына сай үйреніп,

еркін қолдана бастады. Бұл коронавирустың бізге берген бір пайдасы десек те болады. Бұл індет келмегенде әлі де болса электронды жүйені меңгеруге селқостық танытып жүре берер ме едік?

Жеті ай бойы осы онлайн жүйеге баршамыз да машықтанып алдық. Наурыздағы біздің онлайнға деген көзқарымыз бен қазіргіні салыстыруға мүлдем келмейді. Уақыт өте келе бұл жағдайға да бойымыз үйреніп, дүние тіршілігімізді онлайнға икемдеп алдық. Қазір шығыста жүріп, батыстағы тірлігімізді бітіре беретін болдық. Барлық жоғарғы оқу орындары дәстүрлі білім беру ыңғайлы болса да, онлайн жүйесін бір қалыпқа келтіріп, қашықтықтан оқытудың ерекше әдіс-тәсілдерін ойлап табуға. Ғаламтор өз мүмкіндігін айқара ашып қойған, егер оны қолданушылар табылатын болса, әрине. Жастардың білімге деген құштарлығы асып тұрса, ілім алу шынайы көздеген мақсаты болса, олар үшін бөгет пен шықпайтын шың жоқ.

Кенжетаева Зарина
3-курс студенті

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Ahmet Yesevi Üniversitesinde “11 Kasım Milli Ağaçlandırma Bayramı” Fidan Dikme Etkinliğiyle Kutlandı



Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türkistan yerleşkesinde 11 Kasım 2020 tarihinde üniversitemiz Rektörü Prof. Dr. Cengiz Tomar, Rektör Yardımcımız Doç. Dr. Pusat Pilten, idari ve akademik personelin katılımıyla “11 Kasım Milli Ağaçlandırma Bayramı” kapsamında fidan dikimi gerçekleştirildi.

Rektörümüz Prof. Dr. Cengiz Tomar, “Sayın Cumhurbaşkanımızın tensipleriyle 11 Kasım’ın “Milli Ağaçlandırma Bayramı” ilan edilmesi hasebiyle büyükelçiliğimizin koordinasyonu ile biz de Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak ata yurdumuz Türkistan’da kampüsümüzde bir ağaçlandırma çalışması başlattık. Türkistan şehrinin en yeşil alanı olan mevcut 88 hektar botanik parkımızın dışındaki 120 hektar alana bugünden itibaren, bölgenin iklimine uygun, binlerce ağaç fidanı dikerek Türkistan’ı yeşillendirme çabalarına ve Türk-Kazak dostluğunun daha da kökleşmesine katkıda bulunmak istiyoruz.” dedi.

TÜRKOLOJİ ARAŞTIRMA ENSTİTÜSÜ’NÜN FONU YENİ AÇILAN EL YAZMALARİ İLE DOLDURULDU

Türkoloji Araştırma Enstitüsü el yazmaları koleksiyonu çeşitli el yazmaları ve litografik kitaplarla doldurulmuştur. Eserler, kentimizin sakini Abduhaşim Abdusattarov’un eski evin yıkılması sırasında bulunmuşlardır. Sahibin söylediklerine göre, eski evi 1977’de yıkılmış olup kalıntılarda birkaç eski eser bulunmuş. Onlar, bugüne kadar muhafaza edilmiş ve 20 Kasım 2020’de Türkoloji Araştırma Enstitüsünün görevlisi Z. Muminova’ya teslim edilmiş. Ne yazık ki kitaplar ve el yazmaları tam olarak korunamamıştır. Bunlar arasında 1899’da Taşkent’te basılan “Sı Maşık Mufredat” kitabı, 1900’de yine Taşkent’te basılan “Cuma ve Nikah Hutbeleri” kitabı vardır. Belki de bu kitabın sahibi cami imamıydı. Bu kitap daha çok Kuran okuyan imamlara yöneliktir.

Ayrıca Hikmetleri içeren 92 sayfalık bir el yazması bulundu. Yesevi veya müritlerinin el yazması olabilir. Enstitü bunu gelecekte inceleyecek.

Yine bir eser, Nevai şiirleri içeren ve Farsça yazılan 100 sayfalık el yazmasıdır.

Ayrıca 40 sayfalık kalın kapaklı bir el yazması da bulundu. El yazmasının içeriğine bakıldığında, yazar, çocuksuz bir ruhun kalp kırıklığını ve kederini anlatmıştır.

Türkoloji Bilimsel Araştırma Enstitüsü bilim adamları, Enstitü fonuna eklenen yazıların bilimsel tanımını hazırlayarak yayınlacaktır.

Türkoloji Bilimsel Araştırma Enstitüsü


AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİNDE “COVID-19 SONRASINDA ORTA ASYA ÜLKELERİNİN DURUMU VE GELECEĞİ” SEMİNERİ DÜZENLENDİ

12 Kasım 2020 tarihinde Avrasya Araştırma Enstitüsünün Uzman Araştırmacısı Dr. Jandos Ranov, “COVID-19 Sonrasında Orta Asya Ülkelerinin Durumu ve Geleceği” konulu çevrimiçi seminer verdi.


Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Doç. Dr. Vakur Sümer’in takdim konuşmasından sonra söz alan enstitünün Uzman Araştırmacısı Dr. Jandos Ranov ana hatlarıyla tüm dünyayı sarsan COVID-19 salgınının Asya’daki mevcut durumu ve olası etkilerinden bahsetti. Küresel COVID-19 salgınının Orta Asya ülkelerinin ekonomileri üzerindeki etkisi hakkında çeşitli bilgiler sundu. Ranov Orta Asya ülkelerinde COVID-19 salgınının olumsuz etkileri hakkında bilgi verdi ve bu alanda önemli gelişmelerin gerçekleşmekte olduğunu dile getirdi.

Seminerin devamında, Avrasya Araştırma Enstitüsünün Uzman Araştırmacısı Dr. Jandos Ranov, COVID-19 salgınının küresel ekonomik etkilerinin en çok nüfus, ticaret ve makroekonomide görüldüğünü ifade etti. Salgın nedeniyle her kesimden ve yaştan insanın durumdan farklı şekillerde etkilendiğini ve bunların sağlık durumundan ekonomik ve sosyal yaşama kadar sirayet ettiğinin altını çizdi. Bu gelişmelerin de dünya çapında olduğu gibi Orta Asya ülkelerinde eğitim, beşeri sermaye kalitesi ve sosyo-ekonomik kalkınma üzerinde uzun vadeli olumsuz bir etkiye sahip olduğunu vurguladı. Dr. Jandos Ranov, Orta Asya ülkelerinde COVID-19 salgınının olumsuz etkileri konusunu araştırırken Gayri Safi Yurt İçi Hâsıla (GSYİH) büyümesinin Orta Asya ekonomilerinin çoğunda 2020’de negatif yönde olmasının beklendiğini ifade etti. Ayrıca, Orta Asya’daki ilk COVID-19 vakaları hakkında bilgi vererek COVID-19 salgınının GSYİH üzerindeki etkisi arasındaki ilişkiyi, sunduğu grafiklerle açıkladı. Tahmin edilebileceği gibi ticari ve ekonomik ilişkilerin azaldığı bir ortamda yatırımların da düşüşe geçtiğini bunun da küresel ekonomik eğilimler açısından oldukça sert hasarlar bıraktığını ve buna yönelik her ülkenin kendi imkânları doğrultusunda önlemler alarak bu süreci en az zararla atlarmaya çalıştıklarını sözlerine ekledi.

Seminerin sonunda, COVID-19 salgınının Orta Asya ülkeleri üzerindeki ekonomik etkilerine dair açıklama yaparak bütçe gelirlerinin azaltılması, azalan iç tüketim KDV gelirindeki azalmalar ile birlikte bazı ülkelerin ciddi borç oluşumu riskiyle karşılaşmaya başladığını ifade etti. Bu noktada Orta Asya ülkelerinde alınmakta olan önlemler üzerine bilgiler paylaştı. Artan ekonomik maliyetler nedeniyle de bazı ülkelerin karantina önlemlerini hafifleterek veya kaldırarak ekonomik zorluklarla mücadele etmeye çalıştığını altını çizdi. Seminer, katılımcıların konu ile ilgili çeşitli düşüncelerini aktarmaları ve soru-cevap bölümü ile sona erdi.



Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrencileri Serbest Güreş Dalında Şampiyon Oldu




19-24 Kasım'da Almatı'da düzenlenen 2020 Kazakistan Serbest Güreş Şampiyonasında öğrencilerimiz; Niyazbekov Daulet ve Galymzhan Userbayev altın, Bakdaulet Öserbay, Esengali Darkhan, Nulifar Raimova ve Aben Dariga bronz madalya kazandılar.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, üniversitemiz Rektörü Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ve Rektör Vekilimiz Prof. Dr. Cengiz Tomar şampiyon öğrencilerimiz ile video konferans yoluyla görüştü.

Öğrencileri tebrik eden Prof. Dr. Muhittin Şimşek, başarı dileklerinde bulunarak öğrencilerimize tablet ve dolma kalem hediye etti.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Türk Dünyası Edebiyatı ve Cengiz Aytmatov" Konulu Konferans Düzenlendi



Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesinde 2020-2021 faaliyetleri kapsamında 20 Kasım 2020 Cuma günü Yunus Emre Enstitüsü Başkan Danışmanı Dr. Kerim Sarıgül "Dil Öğretiminde Etkileşimli Araçlar" konulu bir konferans verdi.

Konferansa Hazırlık Fakültesi Dekanı Dr. Öğr. Üyesi Erdal Aydoğmuş ve fakülte öğretim elemanları katıldı. Aydoğmuş yaptığı açılış konuşmasında, yüz yüze eğitimin yerini sanal sınıflar ve dijital içeriklerin aldığını, Hazırlık Fakültesi olarak uzaktan eğitim sürecini daha etkin ve verimli kullanmak için yeni yöntemler geliştirme gayreti içerisinde olduklarını dile getirdi. Bu amaçla, dil öğretiminde işin mutfağından gelen ve çalışmaları ile bu alana önemli katkı sunan Dr. Kerim Sarıgül'e katılımlarından dolayı teşekkür etti.

Dr. Kerim Sarıgül konuşmasına; günümüzde dil eğitiminde etkileşimli araçlar, akıllı tahtalar ve mobil uygulamaların hızla yaygınlaşmasının hızlı öğrenme ve öğrenimin kalıcılığı için oldukça önemli olduğunun altını çizerek başladı. Sarıgül, temel problemin uygulamanın etkili kullanılması ve içerik hazırlamasında olduğunun belirterek bu sebeple dil eğitimi veren kurumların ve öğretim elemanlarının teknolojiyi yakından takip etmeleri, etkileşimli araçlara yönelik çalışmalarına önem vermeleri gerektiğini söyledi. Konferansta öğrenme istatistikleri ve İTILT hakkında bilgi veren Sarıgül, dil eğitiminde kullanılan etkileşimli araçlar listesi ve bazı uygulamalardan örnekler vererek sunumunu tamamladı.

ULUSLARARASI ORTAKLIK, İŞBİRLİĞİNİN İLK ADIMIDIR

Portekizli yatırım şirketi Resume Esferico'nun direktörü Gilles Vieira ve Portekiz ve Kazakistan Ticaret Odası Başkanı Nunu Afonso, Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'ni ziyaret etti. Toplantıda Akademik İşlerden Sorumlu Başkan Yardımcısı Omirbek Umbetov, Geliştirme ve Finansman İşlerden Sorumlu Başkan Yardımcısı Pusat Pilten, Akademik Yenilik ve Lisansüstü Eğitimden Sorumlu Başkan Yardımcısı Sholpan Yessimova, konukları üniversitenin başarıları ve gelişim planları hakkında bilgilendirdi.

Toplantı sonucunda Portekiz'deki Minho Üniversitesi ile ortaklıklar kurulması planlanıyor. Görüşmenin sonunda misafirlere hediyeler sunuldu.



YURTDIŞINDA EĞİTİM ALMA FIRSATI

5 Kasım tarihinde Üniversitemizde Turizm Bölümü tarafından Jazirahanım Meyrambekızı ile bir toplantı düzenledi.

Toplantıya profesörler ve üniversite öğrencileri hem çevrimdışı hem de üniversitemizin YouTube ve Facebook üzerinden sosyal ağlarından canlı olarak katıldı. Toplantının açılışını Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Bülent Bayram yaptı.

Rusya ve Finlandiya gibi ülkelerde 12 yıldır eğitim gören Jazirahanım Meyrambekızı, yabancı üniversiteler ve eğitim programları hakkında bilgiler paylaştı.

– Pek çok ülkede, gençler ücretsiz olarak çalışma fırsatına sahiptir. Özellikle Rusya, Polonya, Türkiye, İtalya, ABD'de hibe eğitimi alma fırsatı var. Bu ülkelerde eğitiminize yüksek lisans ve doktora seviyelerinde devam edebilirsiniz, ayrıca lisans derecesi alabilirsiniz. Yurt dışında eğitim almak istiyorsanız, yabancı dil bilmeniz gerekir. Jazirahanım Meyrambekızı, aynı zamanda vize sorununun da çözümlenmesi gerektiğini söyledi.

Toplantının sonunda öğrenciler sorular sordu. Deneyimlerini ve detaylı bilgilerini paylaşan Jazirahanım Meyrambekızı, Türkistanlı gençlerin de önde gelen yabancı üniversitelerde eğitim görerek ülkenin kalkınmasına katkı sağlamalarını umduğunu ifade etti.



ШӘКІРТТЕРІМІЗ — ЖЕҢІМПАЗ!

Түркістан қаласында 2020 жылдың қараша айының 5-11 күндері аралығында Баскетболдан 1999-2005 жылдары туылған жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге еліміздің 17 қаласынан 400-ге жуық спортшы бақтарын сынады.

Оқу ордамыздың спортшылары жарыста жақсы нәтиже көрсете білді. Қыздар арасында студенттеріміз Ботагөз Ерланқызы, Сайдина Азимова және Тамила Жакипова, Мерей Тултаева, Айнұр Сағындықова және Айда-на Нұрмахамбетова Түркістан облысы атынан қатысып, жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында жүлделі 2 орынды иеленді. Ерлер арасында шәкірттеріміз Данияр Естемир, Қазыбек Серікбай және Дархан Тәңірберген жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында жүлделі 2 орынды иеленді. Спортшыларымызды жаттықтырып, жарысқа дайындаған қыздар арасындағы бас бапкер ҚР спорт шебері Ғалия Нұржанқызы Мамахан, ерлерді жаттықтырып, дайындаған бас бапкер ҚР спорт шебері Юнус Маратович Ирисметов. Шәкірттеріміздің байрақты бәсекелерде еліміздің туын көкке көтеріп, жеңіс тұғырынан көріне берулеріне тілектеспіз!

Ақпарат орталығы



СПОРТШЫ ҚЫЗДАРЫМЫЗ ҮЗДІК АТАНДЫ

Алматы қаласында Қыздар арасында еркін күрестен өткен Қазақстан Республикасы чемпионатында оқу орнымыздың «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының шәкірттері Нулифар Райымова 57 келі салмақта 3-орын, Әбен Дарига 62 келіде 3-орын иеленді. Спортшыларымызды Қазақстан Республикасының спорт шебері, оқу-сауықтыру бөлімінің аға бапкері Б.Абусейітов баптаған. Спортшыларымызға байрақты бәсекелерде жеңіс тұғырынан көріне берулеріне тілектеспіз!

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ЕРЛЕП ТҰР!

Еркін күрес спорт түрінен Алматы қаласында қарашаның 19-24 жұлдызы аралығында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Оқу ордамыздың көптеген спортшылары өз өнерлерін жарыста биіктерден көрсете білді. Атап өтер болсақ ерлер арасында 65 кг салмақта Қазақстан чемпионатының 8 дүркін чемпионы, магистрант Ниязбеков Дәулет I орын, 79 кг салмақта 5 дүркін Қазақстан чемпионы магистр Ғалымжан Өсербаев I орын, «Спорт және өнер» факультетінің білімгерлері 1-курс студенті Бақдәулет Өсербай 125 кг салмақта III орын, 3-курс студенті Есенғали Дархан 74 кг салмақта қола жүлдегері атанды.

Спортшыларымызды Қазақстан Республикасының спорт шебері, Оқу-сауықтыру бөлімінің аға бапкері Тұрғараев Қанат баптаған.

ҮСІГЕН БАЛАНЫ САҚТАП ҚАЛАМЫН ДЕГЕН ЖЫЛҚЫНЫҢ ДЕМІНЕН, СОЛ МАҢДАҒЫ ҚАР ДА ЕРІП КЕТКЕН

Ибрагим Нұрпейіс Кенжеғалиұлы «Үсіген баланы сақтап қаламын деген жылқының демінен, сол маңдағы қар да еріп кеткен» атты болған оқиғаны желісімен жазылған әңгімесін оқи отырып, жылқының табиғатының ерекшелігі мен адамға үлгі боларлық қасиетіне сүйсінбей тұра алмайсың.

Шиелі ауданына қарасты бір совхоздан кішкентай бала ойнауға кетіп, содан үйіне қайта оралмады. Күнделікті ойынан кеш оралатын балаларының бұл күні қатты кешігуі күдік тудырған еді. Бала үйге қайта оралмаған соң, ата-ана ендігі баланы іздеуге шыққан болатын. Кешқұрым боран күшейіп бала ауыл сыртында ойнап жүріп, қасындағы достарынан ажырап адасып қалады.

Әбден қорыққан бала далаға қарай үйін таппай басқа ауылға кете берген. Түн ортасы болғанда әлі кетіп, ашығып тоңған бала, келе жатқан бір үйір жылқының жолына ес түссіз құлайды. «Жақсы айғыр үйірін бөріге алдырмас» дегендей үйір айғыры бұл баланы алғашында жыртқыш аңға балап осырына кісінеп, жер тарпып, бір орында тұрмай бала жатқан жерге шауып келді. Құнанында бас біліп иесін далада қалдырмаған қасиетті айғыр ес түссіз жатқан баланы иіскелеп, жыртқыш емес екенін сезінді ме күдігі сейілді.

Айғыр қайта үйіріне шауып барып, үйіріндегі жылқыларды бала жатқан жерге қуып келеді. Үйірдегі барлық биімен айнала қоршап, бастарын балаға қарай иіп демдерімен таңға дейін жылытып тұрған. Таңертең көрші ауыл тұрғыны атпен мал іздеп келе жатып, ат шаптырым жерде өзінің айнала шеңбер жасап тұрған жылқыларын көреді. Әдетте жылқы бұрын соңды шеңбер жасап тұрмаушы еді. Бие құлындады ма деп ойлаған. Не де болса жақсылыққа балап үйірге қарай шаба жөнелген еді. Келіп көрсе ортада шала жансар, өлі емес, не тірі емес бала жатыр. Таңертеңгісін ғана шай үстінде, үйіндегі әйелінен көрші ауылдан бала жоғалыпты деген әңгімені естіген болатын.

Осы уақытта баланың ауылдастары топқа бөлініп таңға дейін баланы іздеп таппайды. Бұл жағдайдан көрші ауылдарда хабардар болған еді. Аттылы кісі баланы шапанына орап үйіне дереу жеткізеді. Баланың туыстары кішкентайларының басы аман екенінен хабардар болып, қуанышта қауышты.

«Жақсы атын мақтар, жаман қатынын мақтар» дегендей жылқы иесінің айтуына қарағанда, жылқылардың баланы қорғап қалуға бар демін салғаны сондай, жердегі қалың қарды ерітіп жіберген деседі.

Дереккөз: el24kz



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы:

Тілшілер:
Бекжігіт СЕРДӨЛІ
aksari@mail.ru

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru